

Астана қаласы әкімдігінің «Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназия» КММ мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 28 қазан мен 1 қараша аралығында мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысында көрсетілген ескертулерді түзету бойынша атқарылған жұмыстары туралы

АНЫҚТАМА

01-20.11.2024

Астана қаласы әкімдігінің «Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназия» КММ мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 28 қазан мен 1 қараша аралығында мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысында көрсетілген ескертулерді жою бойынша жұмыс жоспары құрылып, жауапты тұлғаларға тапсырмалар берілді.

Мектеп сайтына қайта жүктелді:
[https://drive.google.com/drive/folders/1m9jD0hICJ1dsuQwJ99AkKZZQiiz6Rak ?
usp=drive_link](https://drive.google.com/drive/folders/1m9jD0hICJ1dsuQwJ99AkKZZQiiz6Rak?usp=drive_link)

1. УОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік гимназия компоненттің факультативтері мен тандау курстарын іске асыру:

Вариативті компонент: 1 сағат 4 «В» сыныбында «Шахмат» орнына электронды журнал күнделік.kz «Асық ойыны» енгізілмеген. **Гимназия компонент:** «Reading for pleasure» 1 сағат 9 «Б» гимназия сыныпта болудың орнына күнделік.kz 9 «Ә сыныбында енгізілген.

9 «А», 9 «Б» сыныптарында электронды журнал күнделік.kz «Физика» атауының орнына «Биология» пәні жазылған. Оқу жұмыс жоспарларындағы көрсетілген тандау пән атаулары күнделік.kz пен сәйкес емес.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы электронды журнал күнделік.kz бойынша 4«В» сыныбындағы «Асық ойыны» үйірмесі жойылып, «Шахмат» үйірмесі енгізіліп, кемшіліктер түзетілді.

Гимназия компонент: «Reading for pleasure» 1 сағат 9 «Ә» сыныбына қателесіп енгізілген факультатив сабақ жойылып, 9 «Б» гимназия сыныбына «Reading for pleasure» факультатив сабағы күнделік.kz енгізілді.

9 «А» мен 9 «Б» сыныптарындағы қателесіп енгізілген «Биология» факультатив сабақ жойылып «Физика» пәндері енгізіліп оқу жоспарымен сәйкестендірілді.

2. 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 7 «В», 7 «Г», 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В», 8 «Г», 8 «Ғ» сыныптарындағы 0,5 сағатпен «Жаһандық құзреттілік» пәні электронды журнал kundelik.kz-ке енгізілмеген.

7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 7 «В», 7 «Г», 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В», 8 «Г», 8 «Ғ» сыныптарындағы «Жаһандық құзреттілік» пәні апталық жүктемесі 0,5 сағат болғандықтан 5, 6-сыныптар бірінші жарты жылдықта, 7, 8-сыныптар екінші жарты жылдықта оқытылады. Бұл туралы мәлімет 2024-2025 оқу жылына арналған мектептің «Үлгілік оқу жоспарының» 4 бетінде көрсетілген. 7-8-сыныптар бойынша «Жаһандық құзреттілік» пәні бойынша II жарты жылдық сабақ кестесі бекітіліп, сканерленіп сілтемесі сайтқа жүктелетін болады.

3. ҰБДҚ мәліметі бойынша педагогтердің біліктілік санаттарының сертификаттарының көшірмесі ұсынылмаған.

Тізімде берілген барлық 18 педагогтің біліктілік санаттары жеке жұмыс жүргізіліп, анықталды. Оның ішінде 14 педагогтің біліктілік санаттарының (ОЗП) сертификат көшірмелері жинақталды. 2 жас маманның және 2 педагогтің бала күтімінен кейін жұмысқа шыққандары туралы бұйрықтары мен біліктілік санатқа берген өтініштері көрсетілді. Бір пән мұғалімі 12 жыл еңбек өтілі бар болса да денсаулығына байланысты біліктілік санатын қорғай алмаған, 2025 жылы модератор санатына өтініш білдіріп отырғаны анықталды.

4. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары тақырыптық -күntізбелік жоспарлар берілген, бірақ ерекше білімді қажет ететін баланың мүмкіндігі ескерілмеген.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша ерекше білімді қажет ететін баланың мүмкіндігіне және ата-аналарының сұранысына сәйкес ППҚҚ -нің шешімімен әр оқушыға жасалған жеке бағдарламасы ұсынылды. Оқу бағдарламасын бейімдеуді қажет ететін пәндерге (+) белгісі қойылды. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы негізінде жеке бейімделген бағдарламаға сәйкес жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілетіні анықталды.

5. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы мектепалды даярлық тобының айлық, апталық циклограммалары құрастырылмаған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы мектепалды даярлық тобының перспективті жылдық жоспар арқылы айлық, апталық циклограммалары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес құрылып, электронды нұсқасы тіркелуге ұсынылатыны көрсетілді.

6. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы мектепте жүргізілген үйірмелердің жоспары мен журналдары ұсынылмаған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы мектепте жүргізілген үйірмелердің жоспары мен журналдары қайта қаралып, түзетулер ендіріліп,

бекітіліп, жұмыс жүргізіліп жатқаны анықталды. Электронды түпнұсқасы сканерленіп сілтемесі сайтқа тіркеліп, ұсынылады.

4, 9-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беру оқу бағдарламаларын оқыту мен игерудің күтілетін нәтижелерінің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің кестесіне сәйкес 2024 жылдың наурызында Астана қаласының «Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназиясында» 4,9-сынып білім алушылардың саны – 243, кешенді тестілеуге қатысқаны – 228 білім алушы. Жалпы 4,9-сыныптар білім алушыларының 93,8%-ы тестке қатысты. Оның ішінде:

4-сыныптар бойынша білім алушы саны – 119, тестілеуге қатысқан білім алушы саны – 108, тестілеу нәтижесі бойынша орта балл – 14,8, **оң бағалар үлесі – 49,3%.**

9-сыныптар бойынша білім алушы саны – 124, тестілеуге қатысқан білім алушы саны – 122, тестілеу нәтижесі бойынша орта балл – 35,7, **оң бағалар үлесі – 59,5%**

4, 9 -сынып білім алушыларына оқу жоспарының негізгі пәндері бойынша:

1. 4- сынып оқушылары – қазақ тілі, математика;
2. 9 -сынып білім алушылары– қазақ тілі, математика, география, дүние жүзі тарихы пәндері бойынша кешенді тестілеу өткізілді.

Тест нәтижесі бойынша 4,9-сыныптар бойынша үлгерім сапа – **54,4 %**, қанағаттанарлық деңгейді көрсетіп, білім алушылардың МЖМБС талаптарына **сәйкес** екендігін көрсетті.

Әр оқушыға жұмыс үшін бөлек орын берілді. Әр сынып ұсынылған тапсырмаларды компьютермен кабинетте орындады. Тестілеуді өткізу уақыты білім алушылардың білім жетістіктері бағалау мониторингінің уақыт шеңберіне сәйкес бөлінді.

Нәтижесі:

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Орташа балл	Оң бағалар
									Үлгерім сапасы
1	4	119	108	0	19	65	24	14,8	49,3/3
2	9	124	122	2	43	62	15	35,7	59,5/3

Мектеп директоры

Ж.А.Сейдуллаев

